

**6D010200 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған Кожамкулова Назгуль Сейфулинқызының «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің IT арқылы интеллектуалды әлеуетін қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің**

## **ПІКІРІ**

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының (ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы) негізгі міндеттерінің бірі – «...Білім алушының интеллектуалдық, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету» деп көрсетіледі. Осыған сәйкес, ЖОО-дағы білім беру тұжырымдамаларында студенттердің интеллектуалдық әлеуетін қалыптастыру білім берудегі бірінші басымдық ретінде айқындалады, ал бұл ретте ақпаратты технологиялық білімді, кәсіптік, рухани-мәдени, қоғамдық-саяси салаларда өзін-өзі жетілдіруге қабілетті, біліктілігі жоғары маманды даярлау – бұл тіршілік етудің негізі болады.

Қазіргі күні білім беру тұжырымдамасының бағыты – жобалық материалдарын меңгерген, жасанды интеллектімен жұмыс жасайтын тұлғаны қалыптастыру.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің IT арқылы интеллектуалды әлеуетін қалыптастыру диссертациялық жұмыс зерттеудің ғылыми-педагогикалық негіздерімен, зерттеу пәніне сәйкес қарастырылған педагогикалық технологиялардың сараланып қолданылуымен, тәжірибелік-эксперимент жұмысының жоспарымен, зерттеу мақсатының міндеттерге сәйкестілігімен алынған бастапқы және соңғы нәтижелердің математикалық-статистикалық әдістерді қолданумен, анықталған мазмұндық фактілер мен оқу-зерттеу және ғылыми-зерттеу іс-әрекеттерін тексерумен арнайы курсты жоғары оқу орнының тәжірибесіне енгізумен қамтамасыз етілген.

Зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдары, теориялық және практикалық нәтижелері халықаралық конференцияларда және ғылыми басылымдарда талқыланды. Зерттеу барысында 6 еңбек жарық көрді. Соның ішінде 1-еуі Scopus деректер қорына енетін жарияланымда, 4 мақала ҚР БжҒМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда, 1 мақала ҚР ұйымдастырылған халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында жарық көрген.

Кожамкулова Назгуль Сейфулинқызының 6D010200 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің IT арқылы интеллектуалды әлеуетін қалыптастыру» атты диссертациялық жұмысы дербес орындалған, аяқталған, диссертацияларға



қойылатын талаптарға сәйкес жазылған жұмыс деп санаймын. Кожамкулова Назгуль Сейфулинқызының 6D010200 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ғылыми кеңесші,  
Абай атындағы ҚазҰПУ  
PhD, қауымдастырылған  
профессор м.а



*Э.Уайдуллақызы*

РАСТАЙМЫН:	Абай атындағы ҚазҰПУ ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ БӨЛІМІНІҢ БАСТЫҒЫ
ЗАВЕРЯЮ:	НАЧАЛЬНИК ОТДЕЛА ПО УПРАВЛЕНИЮ ПЕРСОНАЛОМ ҚазҰПУ институты Абай
КОЛЫ ПОДПИСЬ	<b>Э.Уайдуллақызы</b>